# Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі "Павлодар облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 280/10 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2018 жылғы 21 ақпандағы № 58/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 1 наурызда № 5879 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі "Павлодар облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 280/10 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4779 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 қарашада " Регион.kz" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын;

2. "Павлодар облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары М.М. Бегентаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Облыс әкімі* | *Б. Бақауов* |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК